- Відрегулюйте підпорний підшипник (D) (Рис. 21), аби спинка полотна не заважала відкручувати кріпильний болт (E) (Рис. 21).
- Після регулювання зафіксуйте положення кріпильним болтом (E).




Рис. 20




Рис. 21

Нижні напрямні

- Встановіть роликові напрямні (F) (Рис. 22) на відстані 2 мм від основи зуба полотна, відкрутивши шестигранну гайку (G) (Рис. 22), а потім встановивши підпору напрямної у потрібне положення.
- Затягніть гайку (G), зафіксувавши положення.
- Після регулювання зафіксуйте положення кріпильним болтом (E).
- Послабивши кріпильний болт (H), встановіть напрямні (F) на відстані 0,5 мм від полотна.




Рис. 22

5.4 Регулювання висоти пропилювання

- Послабте крильчасту гайку (A) (Рис. 23) та встановіть верхній кожух полотна, кожух в зборі (B) (Рис. 23) на відстані 2-3 мм над заготовкою.
- Після встановлення затягніть крильчасту гайку (A).



Примітка

- Максимальна висота пропилювання 180 мм




Рис. 23

5.5 Зміна швидкості полотна



Увага!

Перед переключенням швидкості переконайтеся, що верстат відключений від мережі.

- У верстата JBS-12 дві швидкості полотна 370 м/хв. (50 Гц) та 440 м/хв. (60 Гц) для твердих порід дерева, пластику та для алюмінію та 800 м/хв. (50 Гц), 960 м/хв. (60 Гц) для іншого виду деревини.

Нижній шків (С) Рис. 24.

- Один шків знаходиться на проміжній осі, а інший – на осі двигуна (D) (рис. 24).
- «V»-подібний ремінь (E) (Рис. 24) проходить через шків на проміжній осі, через шків на осі двигуна та через плоский натяжний ролик (F) (Рис. 24). Натягнення ременю здійснюється за допомогою рукоятки (G) (Рис. 24).
- Аби замінити ремінь, необхідно зняти нижній шків.




Рис. 24

Висока швидкість полотна 800м/хв (50 Гц) та 960м/хв (60 Гц)

- Для високої швидкості ремінь потрібно встановити на обидва шків: шків осі двигуна та шків проміжної осі. Як зазначено на Рис. 25.




Рис.25

Низька швидкість 370м/хв. (50 Гц) та 440м/хв. (60 Гц)

- Для низької швидкості ремінь потрібно встановити на передній шків двигуна та на шків проміжної осі. Як зазначено на Рис. 26.



Рис.26

6. Техническое обслуживание



Примітка

Перед проведенням робіт з технічного обслуговування, чищення та ремонту – відключіть верстат від електромережі!

- Ремонтні та сервісні роботи по електричній системі можуть проводитися тільки кваліфікованим електриком.
- Регулярно очищуйте верстат.
- Щоденно перевіряйте справність функціонування системи видалення тирси.
- Усі захисні та охоронні пристрої повинні бути встановлені назад, як тільки роботи з обслуговування, чищення та ремонту закінчені.
- Враховуйте, що стругальні ножі, обгумовані вали приводу руху заготовки, плоскі, поликлінові, клинові та інші реміні, а також ланцюги, що використовуються в конструкції верстату, відносяться до деталей швидкозношуваних (витратні матеріали) та потребують періодичної заміни.
- Гарантія на такі деталі не розповсюджується. Захисні кожухи, окремі деталі з пластику та алюмінію, що використовуються у конструкції

верстату, виконують запобіжні функції. Заміні за гарантією такі деталі не підлягають.

- Регулярно перевіряйте правильність встановлення напрямної полотна пилки.

Для очищення шківів:

- Гумову шину шківа потрібно регулярно очищати.

Для натягу ременя:

- Вимкніть верстат від електромережі.

Вкладиш столу:

- Замініть зношений вкладиш;
- Вкладиш не повинен виступати над поверхнею столу;
- Вкладиш столу повинен бути виготовлений з підходящого матеріалу (наприклад, дерево, пластик, алюміній).

Стрічкові полотна:

- Обслуговування полотен повинно проводитись тільки навченим персоналом;
- Використовуйте тільки гострі і правильно встановлені полотна.

7. Пошук та усунення несправностей

Несправність	Причина	Рішення
Верстат не працює, коли вимикач увімкнений	1. Немає току	- Перевірте кабель на пошкодження - Перевірте запобіжник
	2. Вимикач зламаний	- Відвезіть верстат у сервіс для ремонту
Полотно стоїть, коли працює двигун	1. Ручка натягнення полотна не зафіксована	- Вимкніть двигун, затягніть ручку
	2. Полотно зіскочило з одного зі шківів	- Відкрийте двері шківа та перевірте
	3. Полотно тріснуло	- Замініть полотно
	4. Приводний ремінь розірвався	- Замініть ремінь
Полотно не пиляє або пиляє дуже повільно	1. Зуб'я затупилися через пиляння твердого металу або тривалої експлуатації	- Замініть полотно. Для дерева та алюмінію використовуйте полотно 6 T.P.I. Для твердих матеріалів використовуйте полотно 14 T.P.I.
	2. Полотно було встановлено неправильно	- Встановіть полотно правильно
Тирса накопичується у верстаті	Це нормальне явище	- Регулярно очищуйте верстат від тирси. Відкрийте висячі дверцята та очистіть верстат за допомогою пилососу.
Тирса потрапляє у корпус двигуна		- Очистіть вентиляційні отвори двигуна за допомогою пилососу. Час від часу вичищайте тирсу, аби вона не потрапляла у корпус двигуна.
Пилка не пиляє під кутом 45° та 90°	1. Стіл розташований не перпендикулярно полотну	- Відрегулюйте положення столу
	2. Полотно затупилося або занадто сильний тиск на заготовку	- Замініть полотно або знизьте тиск на заготовку
Неможливо правильно встановити полотно на шків	1. Шків розташований не на одній лінії. Дефектні підшипники	- Відвезіть верстат у сервіс для ремонту
	2. Ручка регулювання шківів не відрегульована належним чином	- Відрегулюйте ручку (див. інструкцію)
	3. Погане полотно	- Замініть полотно

8. Захист навколишнього середовища

- Захищайте навколишнє середовище.
- Верстат містить цінні матеріали, котрі можуть бути відновлені або утилізовані. Будь ласка, утилізуйте верстат у спеціально призначених місцях.

9. Приладдя, що постачається

- Повний асортимент приладдя дивіться на сайті www.jettools.ru або у каталозі.

Құрметті сатып алушы,

- JET маркасының станогын сатып алып, Сіздің бізге білдірген сеніміңізге үлкен рахмет!
- Осы нұсқаулық ленталы аралы станок JBS-12 иелері мен қолданушыларына арналып құрастыру, жұмыс істеу және техникалық қызмет көрсету кезіндегі қауіпсіздікті қамтамасыз ету үшін жасалынды.
- Өтінеміз, нұсқаулық пен қосымша құжаттардағы ақпаратты мұқият оқып түсініп алыңыз.
- Станокты мейлінше ұзақ пайдаланылуы мен жоғары өнімділігі үшін нұсқаулықпен мұқият танысуға және оның ережелерін қатаң сақтауға кеңес береміз.

Мазмұны

1. Жалпы ережелер

2. Қауіпсіздік техникасы бойынша ережелер

3. Сипаттамасы

- Техникалық сипаттамалар
- Дыбыс деңгейі
- Жеткізілім жиынтығы
- Шаң жиналу

4. Тасымалдау және іске қосу

- Тасымалдау және орнату
- Құрастыру

5. Станокпен жұмыс істеу

- Ара кенебін ауыстыру
- Ленталық кенебтің жүрісі
- Кенеп бағыттаушыларын реттеу
- Аралау биіктігін реттеу
- Кенеп жылдамдығын өзгерту

6. Техникалық қызмет көрсету

7. Ақауларды жою

8. Қоршаған ортаны қорғау

9. Жеткізіп берілетін қосымша заттар

Нұсқауда маңызды мәліметке назар аудару үшін келесідей белгілер қолданылған:



Назар аударыңыз!
Қауіп туралы ескерту



Ескерту
Маңызды қосымша мәлімет



Жалпы ережелер
Барлық нұсқаулар мен ережелерді оқыңыз



Есту мүшелерінің қорғаныс құралдарын қолданыңыз

1. Жалпы ережелер

- Станок ағаштан және ұқсас материалдардан, сонымен қатар полимерлі материалдардан жасалған өнімдерді аралауға арналған.
- Металл өнімдерін аралауға болмайды.
- Басқа материалдарды өңдеуге жол бергісіз, немесе компания өкілінен кеңес алғаннан кейін ғана өңдеу жүргізілуі мүмкін.
- Пайдалану нұсқауындағы қауіпсіздік техникасы ережелерімен және Сіздің еліңіздің ерекше ұйғарымдарымен қатар көпшілік мақұлдаған ағаш өңдеу станоктарымен жұмыс істеу ережелерін еске алу қажет.
- Пайдалану барысындағы осы ережелерден әр ауытқу бұрыс қолдану деп қарастырылады және соның нәтижесіндегі ақауларға өндіруші жауапты емес.
- Станокта ешқандай техникалық өзгерістер жүргізуге болмайды.
- Пайдаланушы ғана жауапты.
- Станок тек қана техникалық жарамды қалпында қолданылу керек.
- Станокта жұмыс жасаған кезде барлық қорғаныс заттары мен қақпақтар бекітілуі керек.
- Біріктіруші қорғаныс автоматынан және электрқорек көзінен станокқа дейінгі біріктіруші кабель (немесе ұзартқыш) 3x1,5мм² көлемінен кем емес болу керек (мыстан жасалған, ұштарамды, әр тарам кесігі 1,5 мм² кем емес болуы дұрыс).
- Станокты тек оның жұмысы, техникалық қызмет көрсетуі және мүмкін болар қауіп қатерлері туралы ескертілген тұлғалар қолдануға рұқсат етіледі.
- Берілген станок жеке қолданысқа арналған құрылғы болып келеді, яғни өзінің құрылымдық ерекшеліктері мен техникалық сипаттамасына қарай станок өндірісте қолдануға жаралмайды.
- Егер Сіз орауын шешу барысында тасымалдау салдарынан болған ақауларды байқасаңыз, тез арада ол туралы Сіздің сатушыңызға

хабарласыңыз.

- Станокты іске қоспаңыз!

2 Қауіпсіздік техникасы бойынша ережелер

- Қауіпсіздік техникасына өндірушімен берілген пайдалану және техникалық қызмет көрсету нұсқауын ұстану жағдайы.
- Нұсқауды әрдайым ластан және ылғалдан қорғай отырып сақтаңыз, кейінгі пайдаланушыларға тапсырып отырыңыз.
- Күнделікті араны іске қоспай тұрып, қажетті қорғаныс құрылғыларының жұмыс істеу қабілеттілігін тексеріп тұрыңыз.
- Араның немесе қорғаныс құрылғыларының анықталған ақауларын уәкілетті мамандардың көмегімен тез жою керек.
- Мұндай кезде араны іске қоспаңыз, электр желісінен ажыратыңыз.
- Нұсқауларға сәйкес қажетті жеке қорғаныс құралдарымен қолданыңыз.
- Тығыз жабысып тұратын киім киіңіз, әшекейлерді, сақиналарды және қол сағаттарды шешіп тастаңыз.
- Егер шашыңыз ұзын болса, шашқа арналған торқапшығын немесе бас киімді киіңіз.
- Аралау дискісімен жұмыс жасау үшін жұмыс қолғабын киіңіз.
- Қауіпті аймақтан бөтен кісілерді, әсіресе балаларды шығарып жіберіңіз.
- Жұмысты бастау алдында аралау лентасының тістері бағытының дұрыстығын тексеріңіз.
- Аралау алдында дайындамалардан шеге мен басқа да бөгде заттарды алып тастаңыз.
- Дайындамалардың минималды және максималды көлемдері сақталуы қажет.
- Ұзын дайындамалармен жұмыс істеген кезде сәйкесінше үстел ұзартқыштары мен аунақшалы тіректерді қолданыңыз.
- Қимасы дөңгелек дайындамаларды аралаған кезде оларды айналып кетуден сақтау керек.
- Өңдеуге ыңғайсыз дайындамаларды аралаған кезде қосымша бекіткіштер мен сәйкес қосымша үстел ұзартқыштарын пайдаланыңыз.
- Аралау лентасының жоғарғы бағыттаушысын дайындамаға неғұрлым жақын түсіріңіз.
- Үстелдің еңкейіңкі күйінде ұзына бойғы тіректі үстелдің төменгі жағына орнатыңыз.
- Өңдеу кезінде дайындамалар берік ұсталынып, қауіпсіз орын ауыстыруын қадағалау.

- Кесілген және сыналасқан дайындамаларды тек қана мотор сөндіріліп, ара кенебі толық тоқтағанда алып тастаңыз.
- Қиқымдар мен дайындамаларды тек станок сөндірулі қалпында алып тастаңыз.
- Жұмыс орнын кедергі келтіретін дайындамалар мен басқа заттардан бос ұстаңыз.
- Жұмыс істеп тұрған станокты қараусыз қалдырмаңыз.
- Жұмыс орнынан кетер алдында станокты сөндіріп тастаңыз.
- Аралауды бастамай тұрып ара лентасының кенебі максималды айналымдар санына жету керек.
- Ара лентасы кенебінің тоқтау кезіндегі жүріс уақытын ескеріңіз, ол 10 секундтан аспау керек.
- Станок беті тегіс және қатты жерде нық тұруын қадағалаңыз.
- Станокты оған қызмет көрсету мен дайындамаларды бағыттау үшін жеткілікті орын қалатындай етіп орнатыңыз.
- Жақсы жарық болуын қадағалаңыз.
- Станокты тұтанғыш сұйықтық пен газ жанында қолданбаңыз.
- Өрт туралы хабарлама мен өрт сөндіру әдістерімен танысыңыз, өрт сөндіргіш құралдың орны мен жұмыс істеу қағидаларын зерделеңіз.
- Станокты ылғалды ортада және жаңбырдың астында пайдаланбаңыз.
- Тым көп шаңның жиналмауына назар салыңыз – әрдайым тиісінше сору құрылғыларын қолданыңыз.
- Ағаш қиқымдары өрт төндіру қауіпі бар және денсаулыққа зиянын тигізуі мүмкін.
- Станоктың электр құрылғысымен жұмыстары тек білікті электриктермен жасалуы тиіс. Станокқа артық жұмыс жүктемеңіз.
- Станок қуаты дұрыс қолданылса, ол жақсырақ және ұзағырақ жұмыс істейді.
- Егер қосу-сөндіру тетігі дұрыс болмаса, станокты ешуақытта қолданбаңыз.
- Электр өткізгіш сымы жұмыс процессіне кедергі келтірмеуін және оған ешкім шалына алмайтынын қадағалаңыз.
- Зақымдалған желілік кабельді жедел ауыстырыңыз.
- Қайта жабдықтау, баптау және тазарту жұмыстарын тек станок толық тоқтағаннан кейін және электр қоректендіру сөндірулі қалпында жүргізілуі тиіс.
- Зақымдалған аралау ленталарын дереу ауыстырыңыз.
- Тозған үстел ішпегі ауыстырылу қажет.



1.3 Назар аударыңыз: қауіптер!

- Станокты ережелерге сай қолданған күннің өзінде кейбір қауіптер сақталады:
- Жұмыс аймағындағы қозғалып тұрған ара зақым келтіруі мүмкін.
- Сынған ара жарақаттауы мүмкін.
- Ұшып кеткен дайындама жарақаттауы мүмкін.
- Ағаш қиқымдары денсаулыққа зиян келтіруі мүмкін.
- Шу мен шаңнан болатын қауіп.
- Міндетті түрде қорғаныс көзілдірігі, естуді қорғау құралдары, шаңнан қорғайтын тетіктер секілді жеке қорғаныс заттарын пайдаланыңыз.
- Шаңды сородың сәйкес тәсілдерін пайдаланыңыз.
- Электр желісіне дұрыс қосылмау мен зақымдалған шнур тоқ соғу зардабына әкелуі мүмкін.

3. Сипаттамасы

3.1 Техникалық сипаттамалар

Кернеу	230В
Шығыс қуаты	0,5 кВт / S _{100%}
Кіріс қуаты	0,8 кВт / S _{40%}
Аралау кенебі жылдамдығы	370 немесе 800м/мин
Аралау кенебі ұзындығы	2240 мм
Аралау кенебі ені	6-15 мм
Аралау биіктігі максималды	180 мм
Аралау ені	300 мм
Үстел өлшемдері	400x480 мм
Жұмыс үстелінің көлбеуі	00-450
Үстел биіктігі (тұғырсыз)	470 мм
Үстел биіктігі тұғырмен бірге	1000 мм
Тегершік диаметрі	305 мм
Габаритті өлшемдері тұғырсыз	640x490x1110мм
Салмағы (тұғырсыз қозғалтқышпен бірге)	60кг



Ескертпе

- Осы нұсқаулықтың спецификациясы жалпы ақпарат болып табылады.
- Өндіруші станоктар құрылымына өзгерістер енгізуге құқылы, бұл оның техникалық сипаттамаларына, оның стандартты комплектациясына, қосымша заттары мен сыртқы түрінің өзгеруіне алып келеді.
- Құрылғыны баптау, реттеу, орнату және техникалық қызмет көрсетуді сатып алушы жүргізеді.

3.2 Дыбыс деңгейі

- Мәндерді EN 1807:1999 стандарттарына сәйкес анықтайды (қате жіберу өлшемінің коэффициенті 4 дБ)
- Буктан жасалған дайындамалар: T=30 мм, D=1500 мм, ылғалдық 8,5%
- Дыбыс қуатының деңгейі (EN 3746 сәйкес): Бос жүріс 82,5 дБ(A). Өңдеу 93,6 дБ(A)
- Дыбыстық қысымның деңгейі (EN

11202 сәйкес): Бос жүріс 74,7 дБ(A). Өңдеу 87,2 дБ(A)

- Келтірілген мәліметтер шығарылатын шу деңгейіне тиесілі және қауіпсіз жұмыс үшін қажетті деңгей болып табылады.

3.3 Жеткізілім жиынтығы

- Аралау кенебі 6,3x0,35/10x0,65 мм
- Реттелетін параллельді тірек
- Бұрыштық тірек
- Станок астына қойылатын тіреуіш
- Монтаждау мен баптауға арналған құрал-сайман
- Пайдалану нұсқаулығы

3.4 Шаң жиналу

- JBS-12 типті ленталық ара диаметрі 100мм болатын кіріс келте құбырда ауа жылдамдығы 20 м/сек болғанда шаңның зиянды әсері көзқарасы тұрғысынан бағаланды: Ыдырату 1250 Па. Көлемдік ағын 565 м³/сағ.
- Қазіргі кездегі жол берілетін шекті шаң концентрациясының мәні 2 мг/м³ жұмыс орнында тұрақты байқалады.

4. Тасымалдау және іске қосу

4.1 Тасымалдау және орнату

- Станок қатырма қағаздан жасалған қораппен жеткізіледі.
- Тасымалдау үшін стандартты қатарға қойғыш немесе тасымалдағыш пайдаланыңыз.
- Станокты тасымалдау кезінде оны құлаудан сақтаңыз.
- Станокты жабық тұрғынжайларға орнату керек, бұл жағдайда қарапайым ұста шеберханасының жағдайы жеткілікті.
- Станок орнатылатын беткі қабат жеткілікті түрде тегіс болуы керек және жүктемелерге шыдауы керек.
- Қажет болған жағдайда станокты орнатылатын бетке қатты бекітіп қоюға болады.
- Қорапқа салу ыңғайлылығы үшін станок толық жиналмаған күйінде жеткізіледі.

4.2 Құрастыру


- Егер Сіз қорапты ашқан кезде тасымалдау салдарынан болған зақымдануларды байқасаңыз осы жайында бірден сатушыға хабарлаңыз.
- Станокты іске қоспаңыз!
- Қаптамадан экологиялық қауіпсіз тәсілмен құтылыңыз.
- Қолданбас бұрын араның жұмыс үстелін және параллель бағыттаушыны орнату керек.
- Жұмсақ еріткіштердің көмегімен

қорғаныс майының тот басуын сүртіңіз.

- Станок бөлшектенілген күйінде жеткізіледі/


Үстелді орнату

- Қажетті құралдар – 13 мм кілт
- Басы төртбұрышты М8х50 бұрандаманы және төртбұрышты пластик қойғышты (А) үстел көлбеуінің механизмiнiң тiрегi арқылы өткізіңіз (В) және уақытша қосқұлақ сомынды (С) ол шығып тұрмас үшін бұрап қойыңыз.



Сур. 1


- Төрт алты қырлы бұрандамалармен (М8х16) (Е) және тығырықтармен үстел көлбеуінің механизмiн тiрепкeн (В) үстелдiң астыңғы жағына (D) бекітіңіз, үстелдi реттегіш шкаласы анағұрлым үстел жиегіне қарай орналасуын қадағалаңыз (Сур. 2).
- Үстел аударылып тұрған кезде үстелдiң бөгеткіш бұрандасын және сомынды (F) суретте көрсетілгендей бекітіңіз. Бұны соңына қарай реттеу қажет болады (Сур. 2).



Сур. 2


- Үстелдi аударып және қосқұлақ сомынды (С) реттеу блогының бұрандамасынан бұрап шешіңіз (А), бұрандама реттеу блогының саңылауында орналасуы керек (Сур. 3).
- Үстел мен тiрегi бар үстел көлбеуінің механизмiн үстел көлбеуінің тiрегiне қисайтып (G) және үстел көлбеуінің механизмiн үстел көлбеуінің тiрегiн жалғап тұрған бұрандаманы тартыңыз (А), Сур. 3.

- Қосқұлақ сомынды тартыңыз.



Сур. 3

- Үстелдiң пластик кірістірмесін (Н) бұрыштық беткі қабатын төмен келтіріп үстел ортасына орнатыңыз (Сур. 4).




Сур. 4

Бағыттаушыны орнату

- Осы нұсқаулық кенеп орнатылған деп пайымдайды, егер кенеп орнатылмаған болса, «Ленталық кенепті ауыстыру» бөлімін қараңыз.
- Бағыттаушыны орнату үшін (J), оны төрт бұранда және тығырықпен (K) үстелдiң алдыңғы шетiне орнатыңыз (Сур. 4).


Дайындама енгізуге арналған тіректі жинап құрау

- Дайындаманы жүргізуге арналған тіректі (С) бағыттаушы тiрегiнiң (В) кез келген жағынан бекіте отырып үстелдiң кез келген жағында пайдалануға болады (Сур. 6)
- Тiректі жинау үшін, М8х50 бұрандамалары және пластик қосқұлағымен (F) бағыттаушы тiрегiн (В) Сур.6 ара үстелiне бекітіңіз.



Сур.6

- Екі кішкене тұтқалар және бұрандамалармен М6х40 (D) бағыттаушыны (С) бағыттаушы тiрегiне (В) бекітіңіз, жағдайды реттеу мен белгілеу үшін Сур. 7 көрсетілгендей үлкен тұтқаны (Е) қолданыңыз.




Сур. 7

Тіректі реттеу

- Тiрек бағыттаушысының (С) тiк жiне көлденең реттеуi екі кішкене тұтқа арқылы (D) және үлкен орталық тұтқамен (Е) жүргізіледі (Сур. 7).
- Бағыттаушы бүкіл ұзына бойы үстел үстiндегi кертiктермен бiрдей тегiстелуi және үстел үстiнде орнатылған бұрыштық көмегімен тiгiнен реттелуi керек.

Үстелдi кенепке қатысты тегістеу


- Қажетті құралдар: 13 мм кілт
- Кенепке қатысты үстелдi тегiстеу үшін үстел көлбеуінің тiрегi станок корпусына бекітіліп тұрған М8 (G) 4 сомынды босатыңыз (Сур. 8).
- Үстелдi кенеп кірістірме ортасына және үстел ойығына келгенге дейін жылжытыңыз. Үстел жағдайын бекіту үшін 4 сомынды қайта тартыңыз.




Сур. 8

Ара кенебін реттеу

- Қажетті құралдар: бұрыштық 90° (жеткізіліп берілмейді)
- Үстелді ара кенебіне перпендикуляр етіп (90°) үстел астындағы бөгеткіш бұранда көмегімен орнатуға болады.
- Бөгеткіш бұранда төменгі шкивтің корпусының үстіңгі бөлігінде орналасқан.
- Үстелді шығару үшін бөгеткіш сомынды (B) босатыңыз, содан соң бұранданы (A) реттеңіз.
- Бөгеткіш сомынды (B) үстелдің жағдайын белгілеп алып, қайта тартыңыз (Сур.10).



Сур. 9




Сур. 10

Бағыттаушы шкаласын реттеу

- Қажетті құралдар: 10 мм кілт
- Бағыттаушы шкаласын реттеу үшін үстел астындағы төрт бұранданы (K, Сур. 4 қараңыз) босатыңыз және шкала мен бағыттаушыны (C) бір жағына қарай жылжытыңыз (Сур. 11).
- Реттеп болған соң бұрандаларды қайта тартыңыз.
- Реттеуді тексеру үшін аралана-

тын дайындаманың қалыңдығын бағыттаушы шкаласында орнатып, және алғаш аралауды жасап көріңіз.


- Егер реттеу дұрыс жасалған болса, онда араланған дайындаманың қалыңдығы бағыттаушы шкаласының баптауларымен сәйкес келуі керек.



Сур.11

Үстел параллельдігін тексеру


- Шкала қажетті жағдайда орнатылған болса, үстел параллельдігін тексеру қажет.
- Үстел үстіндегі ойыққа қарсы тұрған болат деңгейін үстелдің алдыңғы жиегіне жақын ұстаңыз (Сур. 12 қараңыз).
- Егер деңгей үстел көлденеңінің дұрыс еместігін көрсетсе, үстелді бағыттаушының астыңғы бөлігінде орналасқан екі бұранда мен бөгеткіш сомынның (станокпен бірге жеткізіледі) көмегімен реттеуге болады, (D) (Сур. 12).



Сур.12

Станок төзімділігі


- Араны қолданбас бұрын станоктың тік жағдайда сенімді тұрғанына көз жеткізіңіз.
- Ара негіздемесінде Ø8 мм болатын төрт саңылау бар (A, Сур. 13).
- Араны бұрандалармен еденге, верстакқа немес басқа станинаға орнатыңыз.



Сур.13

Тартқыш шуцер


- Станок Ø100 мм тартқыш шуцермен (B) қамтылған, Сур. 14.
- Қолданбас бұрын араны тартқыш құрылғыға қосу ұсынылады.
- Қолданылып отырған тартқыш құрылғының ауаны сору жылдамдығы шамамен 20 м/сек құрауы керек.



Сур.14

Кенептің астыңғы қабы

- Ара астыңғы шкивин ашатын болсақ, онда Сур. 15 кенептің төменгі қабы (C) астына түседі.
- Егер астыңғы есік жабық болса, онда қап жұмыс жағдайына келуі керек.
- Станокты пайдалану кезінде шкив есіктері жабық болуы керек.



Сур.15

Жұмыс үстелінің көлбеуі

- Үстелді белгілі бір бұрышқа орнату үшін жұмыс үстелінің бетінде бөтен заттардың жоғына көз жеткізіңіз.
- Үстел көлбеуі механизміндегі тіректегі


қанатша сомынын (D) (Сур.16) босатыңыз, сосын үстелді қажетті бұрышқа шкалаға сәйкес орнатыңыз (E) (Сур. 16).

- Үстел қойылған кезде үстел жағдайын белгілеу үшін қанатша сомынды тартыңыз.



Ескертпе

Сіз үстел келбеуінің қызметін қолданған кезде, дайындаманы белгілеу үшін жұмыс үстелінің астыңғы бөлігіне бағыттаушыны орнатыңыз.




Сур. 16


5. Станокпен жұмыс істеу

5.1 Ара кенебін ауыстыру

1. Станокты электр желісінен ажыратыңыз.
2. Бөгеткіш тұтқаны бұрағыш көмегімен бұрау арқылы үстіңгі және астыңғы шкивтердің есіктерін ашыңыз (A).
3. Төрт бұранданы (C) босатып үстелдің алдыңғы бөлігінен бағыттаушыны шешіп алыңыз (B).
4. Үлкен тұтқаны (D) бұру арқылы кенептің тартылысын босатыңыз.
5. Үстел орынан өткізу арқылы ленталық кенепті, кенептің жоғарғы бағыттаушысын, қапты және станок цапкасындағы кертікті шешіңіз (E). Кенеппен жұмыс істеу үшін қолғап киіңіз.
6. Жаңа кенепті орнатқан кезде, жаңа кенептің тістері, кенеп үстел арқылы өткен кезде Сізге төменгі жағымен бағытталатынына көз жеткізіңіз.
7. Жаңа кенепті тартыңыз және үстіңгі шкивті бұра отырып кенептің жүрісін тексеріңіз. Кенеп шкивтің ортасында болуы керек (Сур. 19 қараңыз).
8. Қажет болса үстіңгі шкивтің корпусының артында орналасқан кенеп жүрісін реттегіш тұтқаны және бөгеткіш тұтқаны қолдана отырып реттеңіз (F) Сур. 18. Кенеп жүрісі реттелген кезде кенеп жағдайын бекітіңіз.
9. «Кенеп бағыттаушысын реттеу» бөлімінде сипатталғандай кенеп бағыттаушысын қайта орнатыңыз.
10. Бағыттаушыны орнатыңыз.
11. Жұмыстың алдында шкив есіктерін жабыңыз және тұтқаларды бекітіңіз.



Сур. 17



Сур. 18

5.2 Ленталық кенептің жүрісі

- Станокты электр желісінен ажыратыңыз.
- Бағыттаушыларды реттемес бұрын кенеп жүрісін реттеңіз.
- Кенеп орнатылып, реттелген кезде, кенепті үстіңгі шкивті қолмен айналдыра отырып және кенеп жүрісінің тұтқасын (F) реттей отырып бұраңыз (Сур. 18).
- 19 суретте көрсетілгендей кенеп шкив ортасында болуы керек.
- Егер кенеп дұрыс реттелсе, қанатша сомын көмегімен кенеп жүрісінің тұтқасын бекітіңіз.




Сур. 19


5.3 Кенеп бағыттаушыларын реттеу

Үстіңгі бағытаттаушылар

- Аунақшалы бағыттаушыларды (A) (Сур.20) кенепке қатысты алты қырлы сомынды (B) (Сур. 20) бұрап алып және аунақшалы бағыттаушылар тістің негізінен 2 мм ара қашықтықта орнағанға дейін бағыттаушы тірегін жылжыта отырып орнатыңыз.
- Бұранданы (C) кенептің екі жағынан босата отырып, аунақшалы бағыттаушыларды (A) кенептен 5 мм ара қашықтықта орнатыңыз.
- Бағыттаушыларды тым жақын орнатпаңыз, бұл кенепті қолдану жұмысын төмендетуі мүмкін.
- Кенептің арқалығын бекіткіш бұрандама (E) (Сур. 21) бұрауға кедергі келтірмейтіндей етіп тіректік мойынтіректі (D) (Сур. 21) реттеңіз.
- Реттегеннен кейін жағдайды бекіткіш бұрандамамен бекітіңіз (E).




Сур. 20



Сур. 21

Астыңғы бағыттаушылар

- Алты қырлы сомынды (G) (Сур. 22) бұрау арқылы тіс негіздемесінен 2 мм ара қашықтықта аунақшалы бағыттаушыны (F) (Сур. 22) орнатыңыз, сосын бағыттаушы тірегін қажетті жағдайға орнатыңыз.
- Жағдайды бекітіп сомынды (G) тартыңыз.
- Реттеп болған соң жағдайды бекіткіш бұрандамамен (E) бекітіңіз.
- Бекіткіш бұрандаманы (H) босатып, бағыттаушыны (F) кенептен 0,5 мм ара қашықтықта орнатыңыз.



Сур. 22


5.4 Аралау биіктігін реттеу

- Қанатша сомынын (A) (Сур. 23) босатыңыз және жинақтағы қапқа дайындама үстінен 2-3 мм ара қашықтықта кенептің жоғарғы қабын (B) (Сур. 23) орнатыңыз.
- Орнатып болғаннан кейін қанатша сомынын (A) тартыңыз.



Ескертпе

- Аралаудың ең үлкен биіктігі 180 мм.



Сур. 23

5.5 Кенеп жылдамдығын өзгерту




Назар аударыңыз!

Қайта қосудан бұрын станоктың электр желісінен ажыратылғанына көз жеткізіңіз.

- JBS-12 станогында кенептің екі жылдамдығы бар: 370 м/мин (50Гц) және 440 м/мин (60 Гц) ағаштың қатты түрлеріне, пластикке және алюминийге арналған, 800 м/мин (50 Гц), және 960 м/мин (60 Гц) ағаштың басқа түріне арналған.

Астыңғы шкив (C) Сур. 24


- Бір шкив аралық осьте орналасқан, ал келесісі – қозғалтқыш (D) осінде (Сур. 24).
- «V"-тәріздес белбеу (E) (Сур. 24) аралық осьте шкив арқылы, қозғалтқыш осіндегі шкив және жалпақ тартқыш аунақша (F) (Сур. 24) арқылы өтеді.
- Белбеу тартылысы тұтқасаптың (G) (Сур.24) көмегімен жүзеге асыралады.
- Белбеуді ауыстыру үшін астыңғы шкивті шешу керек.



Сур. 24

Кенептің жоғарғы жылдамдығы 800м/ мин (50Гц) және 960 м/мин (60Гц)

- Жоғарғы жылдамдық үшін белбеуді екі шкивке бірдей орнату керек: қозғалтқыш осінің шкиві және 25 суретте көрсетілгендей аралық осьтің шкивіне орнату керек.



Сур.25

Төменгі жылдамдық 370 м/мин (50Гц) және 440 м/мин (60Гц).

- Төменгі жылдамдық үшін белбеуді қозғалтқыштың алдыңғы шкивіне және аралық осьтің шкиві 26 суретте көрсетілгендей орнату керек.



Сур.26

6. Техникалық қызмет көрсету



Ескертпе

- Техникалық қызмет көрсету, тазарту және жөндеу толық электр желісінен ажыратылған станокта ғана жүргізіледі. (вилканы розеткадан алып тастаңыз)
- Электр бөлігінің техникалық қызметі мен жөндеуін тек қана білікті электрик жүргізе алады.
- Станокті жүйелі түрде тазартып тұрыңыз.
- Күн сайын шаңды тазарту құрылғысының дұрыстығын тексеріңіз.
- Барлық қорғаныс құрылғылары мен қоршауларды тазарту, жөндеу қызмет көрсету жұмыстарынан кейін бірден станокқа орнату керек.
- Түзетуге келмейтін қорғаныс құрылғыларын жедел ауыстыру керек.
- Кенептің тартылысын жүйелі түрде тексеріп тұрыңыз. Егер станок көп уақыт бойы қолданылмаса кенеп тартылысын босатыңыз.
- Араның бағыттаушыларының баптарын жүйелі түрде тексеріп тұрыңыз.
- Аралардың ақауы бар жоғын жүйелі түрде тексеріп тұрыңыз. Тузетуге келмейтін аралар жедел ауыстырылуы

керек.

Шкивтерді тазарту үшін:

- Шкивтің резеңке дөңгелегін жүйелі түрде тазартып тұру керек.

Белбеуді тарту үшін:

- Станокты электр желісінен ажыратыңыз.

Үстел жапсырмасы:

- Үстелдің жапсырмасы тозған жағдайда ауыстырыңыз.
- Жапсырма үстелдің беткі қабатынан шықпауы керек.
- Үстел жапсырмасы арнайы келетін материалдан жасалуы керек. (мысалы, ағаш, пластик, алюминий).

Ленталы кенептер:

- Кенепке қызметті тек осыған үйретілген персонал жүзеге асыруы керек.
- Тек қана өткір және дұрыс орнатылған кенептерді қолданыңыз.

7. Ақауларды іздеу және жою

Ақау	Себеп	Шешім
Сөндіргіш қосылып тұрғанда станок жұмыс істемейді	1. Тоқ жоқ	Кабельді зақымдануларға тексеріңіз. Сақтандырғышты тексеріңіз
	2. Сөндіргіш сынып қалған	Станокты жөндеу қызмет көрсетуіне апарыңыз
Қозғалтқыш жұмыс істеп тұрған кезде кенеп тұрады	1. Кенептің тартылыс тұтқасы белгіленген	Қозғалтқышты сөндіріңіз, тұтқаны тартыңыз
	2. Кенеп шкивтердің бірінен секіріп кетті	Шкив есігін ашыңыз да тексеріңіз
	3. Кенеп жыртылып кетті	Кенепті ауыстырыңыз
	4. Жетек белбеуі жыртылып кетті	Белбеуді ауыстырыңыз
Кенеп араламайды немесе өте баяу аралайды	1. Тістер қатты металлды аралағаннан кейін немесе ұзақ уақыт пайдаланғаннан кейін өтпей қалған	Кенепті ауыстырыңыз, ағаш және алюминий үшін 6 Т.Р.І. кенепін қолданыңыз. Қатты материалдар үшін 14 Т.Р.І. кенепін қолданыңыз
	2. Кенеп дұрыс орнатылмаған	Кенепті дұрыс орнатыңыз
Станокта жаңқалар жиналып қалады	Бұл қалыпты құбылыс	Станокты жаңқалардан жүйелі түрде тазартып тұрыңыз. Аспалы есікті ашыңыз және станокты шаңсорғышпен тазартыңыз
Жаңқалар қозғалтқыш корпусына түсе береді		Қозғалтқыштың желдеткіш тесіктерін шаңсорғыш көмегімен тазартыңыз. Анда санда олар қозғалтқыш корпусына түспес үшін жаңқалардан арылып тұрыңыз
Ара 45° және 90° бұрышында аралайды	1. Үстел кенепке перпендикуляр орналаспаған	Үстел орналасуын реттеңіз
	2. кенеп өтпей қалған немес дайындамаға тым қатты қысым түскен	Кенепті қысқартыңыз немесе дайындамаға түсетін қысымды азайтыңыз
Кенепті шкивке дұрыс орнату мүмкін емес	1. Шкивтер бір сызық бойына орналасқан. Ақауы бар мойынтіректер	Станокты қызмет көрсететін жерге алып барыңыз
	2. Шкивтерді реттеу тұтқасы тиісті түрде реттелмеген	Тұтқаны реттеңіз (нұсқаулықты қараңыз)
	3. Нашар кенеп	Кенепті ауыстырыңыз

8. Қоршаған ортаны қорғау


- Қоршаған ортаны қорғаңыз.
- Бұл құрылғы қайта өңдеуге болатын құнды материалдардан тұрады. Арнайы қабылдау орындарына өткізулеріңізді сұраймыз.

9. Жеткізілетін жабдықтар

- Қажетті заттардың толық тізімін www.jetttools.ru сайтынан немесе каталогынан қараңыз.

Детализировка ленточнопильного станка JBS-12

Деталювання JBS-12 / JBS-12 бөлшектеуі



Перечень деталей ленточнопильного станка JBS-12

Перелік деталей JBS-12 / JBS-12 белшектерінің тізімі

№	Артикул	Обозначение	Позначення	Белгі	Размер/ Розмір/ Көлемі	Кол-во/ Кількість/ Саны
1	JBS12-001	Кольцо	Кільце	Шығыршық	17x1	
2	JBS12-002	Рифлёный шарикоподшипник	Рифлений кулькопідшипник	Кедір бұдырланған шарикті мойынтірек	80203	
3	JBS12-003	Верхний маховик в сборе	Верхній маховик у зборі	Жинақтағы үстіңгі тегершік		
4	JBS12-004	Втулка	Втулка	Төлке		
5	JBS12-005	Крепёжная пластина	Кріпильна пластина	Бекіткіш тілімше		
6	JBS12-006	Пружинная шайба	Пружинна шайба	Серіппелі тығырық	M16	
7	JBS12-007	Шестигранная гайка	Шестигранна гайка	Алты қырлы сомын	M16x1,5	
8	JBS12-008	Винт для регулировки натяжения	Гвинт для регулювання натягнення	Тартылысты реттеуге арналған бұранда		
9	JBS12-009	Стопорное кольцо	Стопорне кільце	Бөгеткіш шығыршық	Ø10	
10	JBS12-010	Цилиндрический шплинт	Циліндрічний шплінт	Цилиндрлік шплинт	11x100	
11	JBS12-011	Кронштейн натяжителя	Кронштейн натягувача	Тартылыс кронштейні		
12	JBS12-012	Втулка	Втулка	Төлке		
13	JBS12-013	Шайба	Шайба	Тығырық		
14	JBS12-014	Корпус	Корпус	Корпус		
15	JBS12-015	Шайба	Шайба	Тығырық		
16	JBS12-016	Шестигранная гайка	Шестигранна гайка	Алты қырлы сомын	M22x1,5	
17	JBS12-017					
18	JBS12-018	Зубчатая стопорная шайба	Зубчаста стопорна шайба	Тісті бөгеткіш тығырық	6 мм	
19	JBS12-019	Болт под шестигранный ключ	Болт під шестигранный ключ	Алты қырлы кілт астына бұрандама	M6x10	
20	JBS12-020	Пластинчатая пружина	Пластинчаста пружина	Тілімшелі серіппе		
21	JBS12-021	Верхняя дверца в сборе	Верхні дверцята в зборі	Жинақтағы жоғарғы есік		
23	JBS12-023	Заглушка	Заглушка	Бітеуіш		
24	JBS12-024	Ручка натяжения полотна	Ручка натягнення полотна	Кенепті тарту тұтқасы		
25	JBS12-025	Натяжитель полотна	Натягувач полотна	Кенепті тартқыш		
26	JBS12-026	Плоская шайба	Пласка шайба	Жалпақ тығырық	8 мм	
27	JBS12-027	Болт под шестигранный ключ	Болт під шестигранный ключ	Алты қырлы кілт астына бұрандама	M8x16	
28	JBS12-028	Ручка регулировки хода полотна	Ручка регулювання ходу полотна	Кенептің жүрісін реттегіш тұтқа		
29	JBS12-029	Крыльчатая гайка	Крыльчаста гайка	Қанатты сомын	M8	
31	JBS12-031	Корпус натяжителя	Корпус натягувача	Тартқыш корпусы		
32	JBS12-032	Оцинкованная гайка с фланцем	Оцинкована гайка з фланцем	Ернемегі бар цинкпен сырланған сомын	M8	
33	JBS12-033	Каркас пилы	Каркас пилки	Ара қаңқасы		
35	JBS12-035	Болт с цилиндрической головкой	Болт із циліндричною голівкою	Басы цилиндр бұрандама	4,2x16	
36	JBS12-036	Зубчатая стопорная шайба	Зубчаста стопорна шайба	Тісті бөгеткіш тығырық	5 мм	
37	JBS12-037	Пластина	Пластина	Тілімше		
38	JBS12-038	Болт с квадратной головкой	Болт з квадратною голівкою	Басы төртбұрышты бұрандама	M8x20	
39	JBS12-039	Пластина	Пластина	Тілімше		
40	JBS12-040	Болт под шестигранный ключ	Болт під шестигранный ключ	Алты қырлы кілт астына бұрандама	M6x20	
42	JBS12-042	Крепёжная планка направляющей	Кріпильна планка напрямної	Бағыттаушының бекіткіш планкасы		
43	JBS12-043	Зубчатая стопорная шайба	Зубчаста стопорна шайба	Тісті бөгеткіш тығырық	6 мм	

44	JBS12-044	Шестигранная гайка	Шестигранна гайка	Алты қырлы сомын	M6	
45	JBS12-045	Направляющая полотно в сборе	Напрямна полотно в зборі	Жиынтықтағы кенебінің бағыттаушысы		
46	JBS12-046	Салазки	Полозки	Сүйретпе шана		
48	JBS12-048	Регулировочный винт направляющей	Регулювальний гвинт напрямної	Бағыттаушының реттегіш бұрандасы		
49	JBS12-049	Рифлёный шарикоподшипник	Рифлений кулькопідшипник	Кедір бұдырлы шарикті мойынтірек	80018	
50	JBS12-050	Плоская шайба	Пласка шайба	Жалпақ тығырық	6 мм	
51	JBS12-051	3-х роликовая направляющая	3-ри роликова напрямна	3- аунақшалы бағыттаушы		
53	JBS12-053	Пластина, маленькая	Пластина, маленька	Кішкене тілімше		
54	JBS12-054	Крепёжный болт	Кріпильний болт	Бекіткіш бұрандама	M6x12	
55	JBS12-055	Ось	Вісь	Ось		
56	JBS12-056	Верхнее крепление направляющей	Верхнє кріплення напрямної	Бағыттаушының үстіңгі бекіткіші		
57	JBS12-057	Плоская шайба	Пласка шайба	Жалпақ тығырық	8 мм	
58	JBS12-058	Самоконтрящаяся шестигранная гайка	Самоконтрна шестигранна гайка	Өзі бақыланатын алты қырлы сомын	M8	
60	JBS12-060	Опорный цилиндр	Підпорний циліндр	Тірек цилиндрі		
64	JBS12-064	Опорный цилиндр	Підпорний циліндр	Тірек цилиндрі		
65	JBS12-065	Оцинкованная гайка с фланцем	Оцинкована гайка з фланцем	Ернемегі бар цинкпен сырланған сомын	M8	
68	JBS12-068	Ленточное полотно	Стрічкове полотно	Ленталық кенеп		
69	JBS12-069	Нижняя дверца в сборе	Нижні дверцята в зборі	Жинақтағы астыңғы есік		
70	JBS12-070	Самоконтрящаяся шестигранная гайка	Самоконтрна шестигранна гайка	Өзі бақыланатын алты қырлы сомын	M4	
71	JBS12-071	Плоская шайба	Пласка шайба	Жалпақ тығырық	4 мм	
72	JBS12-072	Защитный кожух полотна	Захисний кожух полотна	Кенептің қорғаныс қабы		
73	JBS12-073	Болт под шестигранный ключ	Болт під шестигранный ключ	Алты қырлы кілт астына бұрандама	M4x12	
74	JBS12-074	Выключатель с защитой от понижения напряжения (концевой выключатель)	Вимикач із захистом від зниження напруги (кінцевий вимикач)	Кернеу төмендеуінен қорғанысы бар сөндіргіш (соңғы сөндіргіш)		
75	JBS12-075	Болт с квадратной головкой	Болт з квадратною голівкою	Басы төртбұрышты бұрандама	M8x100	
76	JBS12-076	Щётка	Щітка	Қылшақ		
77	JBS12-077	Распорная втулка	Розпiрна втулка	Керме төлке	8x50	
78	JBS12-078	Нижний маховик в сборе	Нижній маховик в зборі	Жинақтағы астыңғы тегершік		
79	JBS12-079	Рифлёный шарикоподшипник	Рифлений шарикоподшипник	Кедір бұдыр шарикті мойынтірек	80101	
80	JBS12-080	Натяжной шкив	Натяжний шків	Тартқыш шкив		
81	JBS12-081	Кольцо	Кільце	Шығыршық	12x1	
83	JBS12-083	Подвижная ось	Рухлива вісь	Жылжымалы ось		
85	JBS12-085	Шестигранная гайка	Шестигранна гайка	Алты қырлы сомын	M20x1,5	
86	JBS12-086	Нижняя ось	Нижня вісь	Астыңғы ось		
87	JBS12-087	Клиновой ремень	Клиновий ремінь	Сыналы белбеу		
88	JBS12-088	Ремённый шкив	Ременевий шків	Белбеулік шкив		
90	JBS12-090	Оцинкованный болт под шестигранный ключ	Оцинкований болт під шестигранный ключ	Алты қырлы кілт астына цинкпен сыланған бұрандама	M6x16	
91	JBS12-091	Пружинная шайба	Пружинна шайба	Серіппелі тығырық	6 мм	
92	JBS12-092	Установочное кольцо	Встановлюване кільце	Орнатқыш шығыршық	10 мм	
94	JBS12-094	Дисковая шайба	Дискова шайба	Дискілік тығырық	20x10,2x0,8	
95	JBS12-095	Рукоятка	Рукоятка	Тұтқасап		
96	JBS12-096	Вытяжной штуцер	Витяжний штуцер	Тартқыш штуцер	Ø100	
100	JBS12-100	Оцинкованный болт под шестигранный ключ	Оцинкований болт під шестигранный ключ	Алты қырлы кілт астына цинкпен сыланған бұрандама	M6	

101	JBS12-101	Рукоятка	Рукоятка	Тұтқасап		
102	JBS12-102	Болт	Болт	Бұрандама	M6x55	
103	JBS12-103	Двигатель	Двигун	Қозғалтқыш	0,55 кВт 220/240В 1~ (или 3/4 л.с. 110/120 В 1~)	
104	JBS12-104	Пластина	Пластина	Тілімше		
105	JBS12-105	Опора нижней направляющей	Підпора нижньої напрямної	Астыңғы бағыттаушының тірегі		
109	JBS12-109	Опора направляющей	Підпора напрямної	Бағыттаушының тірегі		
112	JBS12-112	Винт с накатанной головкой	Гвинт з накатаною голівкою	Басы айналдырылған бұранда	M6x25	
113	JBS12-113	Гайка с накаткой	Гайка с накаткою	Айналдырылған сомын	M6	
115	JBS12-114	Болт с квадратной головкой	Болт з квадратною голівкою	Басы төртбұрыш бұрандама	M6x40	
116	JBS12-115	Направляющая	Напрямна	Бағыттаушы		
117	JBS12-116	Болт	Болт	Бұрандама		
118	JBS12-117	Болт с квадратной головкой	Болт з квадратною голівкою	Басы төртбұрыш бұрандама	M8x50	
119	JBS12-118	Стол	Стіл	Үстел		
114	JBS12-119	Плоская шайба	Пласка шайба	Жалпақ тығырық	6 мм	
120	JBS12-120	Вставка стола	Вставка столу	Үстел кірістірмесі		
123	JBS12-123	Метрическая шкала	Метрична шкала	Метрикалық шкала		
124	JBS12-124	Направляющая	Напрямна	Бағыттаушы		
125	JBS12-125	Шестигранная гайка	Шестигранна гайка	Алты қырлы сомын	M6	
130	JBS12-130	Крыльчатая гайка	Крильчаста гайка	Қанатты сомын	M8	
134	JBS12-134	Подвижная пластина	Рухлива пластина	Жылжымалы тілімше		
135	JBS12-135	Механизм наклона стола верхний	Механізм нахилу столу верхній	Үстіңгі үстел көлбеуінің механизмі		
136	JBS12-136	Зубчатая стопорная шайба	Зубчаста стопорна шайба	Тісті бөгеткіш тығырық	8 мм	
137	JBS12-137	Болт под шестигранный ключ	Болт під шестигранный ключ	Алты қырлы кілт астына бұрандама	M8x20	
140	JBS12-140	Механизм наклона стола нижний	Механізм нахилу столу нижній	Астыңғы үстел көлбеуінің механизмі		
200	JBS12-200	Резиновая проставка	Гумова проставка	Режекке қондырма	315x2,5x20	

The logo for JET, featuring a solid red horizontal bar above the letters 'JET' in a bold, black, sans-serif font. A small registered trademark symbol (®) is located at the bottom right of the letter 'T'.

J E T®

JPW Tools AG
Tämperlistrasse 5, CH-8117
Fällanden, Switzerland